ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

СОЗАҚ АУДАНЫ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
СОЗАКСКОГО РАЙОНА

ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

21.01.2021

Шолаққорған ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 9

село Шолаккорган

«Созақ Фосфат» ЖШС-не ұзақ мерзімді уақытша пайдалану құқығымен жер учаскесін жалға беруді мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексінің 17, 35, 43, 44 баптарына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңының 31 бабына, Созақ аудандық жер қатынастары жөніндегі комиссиясының 08.12.2020 жылғы №28/14 қорытындысына. Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің 06.01.2021 жылғы тіркелген №№2, 3 жерге орналастыру жобаларына және «Созақ Фосфат» ЖШС-нің 15.01.2021 жылғы №1-104 хатына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Созақ Фосфат» ЖШС-не Созақ ауданынан жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін барлығы - 431 га жер учаскесін ұзақ мерзімді уақытша пайдалану құқығымен 2035 жылға дейін жалға беруге мақұлдансын.

2. «Созақ Фосфат» ЖШС-не құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін бұзылған жерді қалпына келтіру жұмыстарын экологиялық, санитарлық-гигиеналық, ортке карсы және өзге де талаптарды (нормаларды, ережелерді, нормативтерді) сақтай отырып жүргізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Жалға алған жер учаскесіне төленетін жалдау ақысы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі) Кодексіне» сәйкес уақытша жалға жер пайдалану туралы келісім шартта көрсетілген мерзімде төлеп отыру ұсынылсын. Келісім шартты 10 күннен кешіктірмей жасасу ұсынылсын.

4.Ауыл шаруашылығы өндірісіне келтірілген зиян мөлшері 25 342 800 (жиырма бес миллион үш жүз қырық екі мың сегіз жүз) теңге болып есептеліп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 08.10.2003 жылғы №1037 қаулысына сәйкес төленсін.

000601

5. Осы қаулы түпкілікті шешім қабылдау үшін облыс әкімдігіне ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Сатыбалдыға жүктелсін.

Аудан әкімі **С.С.Полатов**

К.Ә.Оразов
Б.Б.Айдарбеков
А.Б.Сатыбалды
Е.А.Айдарбеков

С.С.Токсанова
Б.О.Орынтаев
Р.Т.Жумабаев